# 2000 жылы бюджеттік қаражат бөлу есебінен гидрометеорологиялық ақпарат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 16 маусым N 903

"Қазгидромет" және "Қазавиамет" республикалық мемлекеттік кәсіпорындарын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 наурыздағы N 185 P990185_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған, қосымшаға сәйкес 2000 жылы бюджеттік қаражат

бөлу есебінен "Қазгидромет" республикалық мемлекеттік кәсіпорны оларға гидрометеорологиялық ақпарат беретін орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың тізбесі мен оның көлемі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 16 маусымдағы
N 903 қаулысымен
бекітілген

2000 жылы бюджеттік қаражат есебінен "Қазгидромет" республикалық мемлекеттік кәсіпорны оларға гидрометеорологиялық ақпарат беретін орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың тізбесі мен оның көлемі

| Орталық және жергілікті атқарушы органдар, ұйымдар | Гидрометеорологиялық ақпарат | Беру кезеңдері | Жеткізу тәсілі |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі | Күнделікті метеорологиялық бюллетень, ауа райының ай сайынғы бюллетені, 2-3 | Жыл бойы | Факси. мильдік байланыс |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | күнге ауа райын болжау, ауа райын бір аптаға болжау, Астана, Алматы қалалары бойынша осы күнге және бір тәулікке ауа райын болжау, апатты және қауіпті гидрометеорологиялық құбылыстардың тұтқиыл туындауын ескерту | Қауіп туындаған жағдайда | |
| Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі | Бұл да | Бұл да | Бұл да |
| Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі | Күнделікті метеорологиялық бюллетень, күнделікті гидрологиялық бюллетень, апатты және қауіпті гидрометеорологиялық құбылыстардың тұтқиыл туындауын ескерту | Жыл бойы<br>Қауіп туындаған жағдайда | Бұл да |
| Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі | Күнделікті метеорологиялық бюллетень, апатты және қауіпті гидрометеорологиялық құбылыстардың тұтқиыл туындауын ескерту | Жыл бойы<br>Қауіп туындаған жағдайда | Бұл да |
| Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі | Бұл да | Бұл да | Бұл да |
| Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі | Бұл да | Бұл да | Бұл да |
| Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар | Бұл да | Бұл да | Бұл да |

| | | | |
|---|---|---|---|
| министрлігі | | | |
| Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі | Бұл да | Бұл да | Бұл да |
| Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті | Бұл да | Бұл да | Бұл да |
| Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі | Күнделікті метеорологиялық бюллетень, күнделікті гидрологиялық бюллетень, апатты және қауіпті гидрометеорологиялық құбылыстардың тұтқиыл туындауын ескерту, табиғи ортаның (су, ауа, жер, радиоэкология) жағдайы туралы ай сайынғы экологиялық бюллетень, экстремальдық жоғары ластану (ЭЖЛ) деңгейлері, жоғарғы ластану (ЖЛ) деңгейлері, қауіпті құбылыстар (ҚҚ) туралы жедел ақпарат | Бұл да<br>Қауіп туындаған жағдайда<br>Жыл бойы | Бұл да<br>Почталық байланыс |
| "Қазақстан теледидары мен радиосы" республикалық корпорациясы | Апатты және қауіпті гидро. метеорологиялық құбылыстар. дың тұтқиыл туындауын ескерту | Қауіп туындаған жағдайда | Телефон. онограм. ма |
| Астана қаласының әкімі | Бұл да | Бұл да | Бұл да |
| Алматы қаласының әкімі | Бұл да | Бұл да | Бұл да |
| Облыстардың әкімдері | Бұл да | Бұл да | Бұл да |

---------------------------------------------------------------------

Оқығандар:
Қасымбеков Б.А.
Орынбекова Д.Қ.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК